

«Абай атындағы ЖОББМ » КММ директоры

Б.Т.Жакупова

29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілді



**«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша
2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Құмқұдық ауылы

МАЗМҰНЫ

ТҮСІНІК ХАТ	
I. МЕКТЕП ТӨЛҚҰЖАТЫ	
II. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ	
III. ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ 3.1. ҚР "Білім туралы" Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 3.2. Оқу жылының басындағы педагогикалық ұйымдастыру іс-шаралары 3.3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары	
IV. МЕКТЕПТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ 4.1. Кадрлармен жұмыс 4.1.1. Біліктілікті арттыру 4.1.2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау 4.1.3. «Шыңдалу» жас маман мектебі 4.1.5. Педагог қызметінің диагностикасы 4.2. Әдістемелік кабинет жұмысы 4.2.1. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы 4.2.2. Әдістемелік кеңестер 4.3. Дарынды балалармен жұмыс	
V. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ 5.1. Тәрбие жұмысының жоспары 5.2. Мектеп кітапханасының жұмыс жоспары	
VI. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ 6.1. Психологтың, кәсіби бағдар беруші педагогтің жұмыс жоспары 6.2. Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары	
VII. МЕКТЕПТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ	

VIII. ІСБ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ 8.1. Мектепті басқарудың алқалы ұйымы 8.1.1. Педагогикалық кеңестер 8.1.2. Директор жанындағы кеңес 8.1.3. Мектептің Қамқоршылық кеңесі қызметінің жоспары 8.2. Мектепшілік бақылау	

ТҮСІНІК ХАТ

2024-2025 оқу жылында «Абай атындағы ЖОББМ» КММ білім беру процесін ұйымдастыру кезінде ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «ҚР Баланың құқықтары туралы», «ҚР мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

✓ «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы;

✓ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;

✓ ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Қаулысы;

✓ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. №216 бұйрығы;

✓ «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы;

✓ «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы;

✓ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы;

✓ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. №57 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы;
- ✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. №ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- ✓ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы;
- ✓ «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы;
- ✓ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- ✓ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- ✓ «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиада лардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы;
- ✓ «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы №514 бұйрығы;
- ✓ «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы;
- ✓ «ҚР білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- ✓ «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- ✓ «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы;
- ✓ «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан дағы № 518-IV Кодексі;
- ✓ «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- ✓ «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жыл дарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;

✓ «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы.

I. МЕКТЕП ТӨЛҚҰЖАТЫ
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Ғимараттың салынған жылы: 1969 жыл
Ғимаратты пайдалануға берілген жылы: 1969 жыл
Ғимараттың типі: типтік
Жылыту түрі: орталық
Қабаттар саны: 1
Жобалық қуаты: 380 орын
Ғимараттың жалпы жұмыс ауданы: 1257,5 шаршы метр

1	Білім беру ұйымының толық атауы	«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері	Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Қайыңды ауылдық округі, Құмқұдық ауылы, Мектеп көшесі, 11 ст-е
2	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті Мұғалжар ауданаралық Әділет басқармасында № 172-1904-13ММ15.09.2019 жылы заңды тұлғаға қайта тіркеу жүргізген. БСН970440002020

МЕКТЕПТІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1-10 сыныптар –	бес күндік оқу
I ауысым –	08.00 – 14.05
II ауысым –	13.15 – 18.25
Сабақ ұзақтығы –	45 минут
Үлкен қоңыраулар –	15 минут (екінші және төртінші сабақтан кейін)
Қоңыраулар –	5 минут
Сыныптар –	1,2,3,4,5,6,7,8,9,10

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОНТИНГЕНТІ

Сыныптар	Сынып комплекттер саны	Білім алушылар саны	Барлығы
	Қазақ	Қазақ	
1 сынып	1	7	7
2 сынып	1	10	10
3 сынып	1	16	16
4 сынып	1	6	6
5 сынып	1	9	9
6 сынып	1	8	8
7 сынып	1	8	8
8 сынып	1	11	11
9 сынып	1	12	12
10 сынып	1	5	5
Барлығы	10	92	92

Мектепте оқу - тәрбие және басқару жұмысының жүйесі қалыптасқан, әкімшілік - басқару қызметкерлерінің жалпы саны штаттық кестеге сәйкес келеді, тиісті жоғары базалық білімі бар. ӘБП құрамы тұрақты. ӘБҚ бекітілген функционалдық міндеттері бар. Жұмыс лауазымдық міндеттерге сәйкес жүргізіледі, оның шеңберінде оқу - тәрбие процесінің нәтижелерін диагностикалау және болжау жүргізіледі.

II. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ

*Балаларға көп үйретем деп,
асығып шала-шарпы үйретуден гөрі,
аз болса да, анықтап нық үйрету абзал.
Тіл-құрал. Орынбор, 1914.
А.Байтұрсынов*

2023-2024 оқу жылындағы мектептің басымдығы мектеп мәселесі: «Оқушылардың ерекше қабілеттерін тану арқылы дарындылықты дамыту»

Мектепте 1-9,11 сынып оқушылары оқытылады. Оқыту тілі –қазақ тілі.

Мектеп режимде жұмыс істейді:

– мектепалды даярлық, 1–4 және 5–9,11 жалпы білім беретін сыныптар – 5- күндік жұмыс аптасы;

Сабақтың басталуы:

– 1 ауысым – 08:00 бастап;

– 2 ауысым – 14:10 бастап.

Сабақтың ұзақтығы – 45 минут.

Күндізгі және апталық сабақ режимі мектеп директоры бекіткен сабақ кестесімен анықталады.

Оқу жылының ұзақтығы мектепалды сыныптарда – 33 апта, 1 сыныпта – 33 апта, 2–9- сыныптарда – 34 апта.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде 26 мұғалім еңбек етті. Сапалық құрамы бойынша: 24 мұғалім жоғары білімді, 2 мұғалім арнаулы орта білімді.

Әр ұстаздың биылғы оқу жылына арналған жылдық түйінді мәселелері бар, осы тақырып аясында жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жасап жатыр. Барлық пән мұғалімдері жаңартылған оқу бағдарламасының курсын аяқтаған.

Оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларының ерекшелігі, оқу бағдарламасы «шиыршық қағидаты» негізінде әзірленген, яғни тақырыптар мен сыныптар бойынша білім мен білік бірте-бірте өсіп дағдылар күрделеніп отырады.

Әр тоқсан сайын жыл басында бекітілген кесте бойынша ББЖБ және ТЖБ жұмыстары жүргізіледі. Оқушылар ББЖБ және ТЖБ ережелерін сақтайды.

Оқушылар контингенті

2023/2024 оқу жылының басында мектепте 97 оқушы оқыды. Оқу жылының соңында оқушылар саны – 95, оның ішінде 1-4 сыныпта -43 оқушы, 5-9 сыныпта - 52 оқушы, Барлығы қыздар-51, МАД сыныбында-10 тәрбиеленуші. ЕББҚ 1 бар оқушы.

2023/2024 оқу жылында сынып жиынтықтарының саны – 9. Олардың ішінен 13 үздік, 41 екпінді оқушылар оқиды. Мектеп бойынша білім сапасы -65%.

3 жылдағы оқушылар контингентінің динамикасы
(мектепалды даярлық сыныптарын есепке алмағанда)

Оқу жылы	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Оқушылар контингенті	92	95	95

Кестеде көрсетілгендей жыл сайын оқушылар саны артып келеді.

Мектептің материалдық-техникалық базасы

- оқу кабинеттері – 10
- лингафондық-мультимедиялық кабинет – 0_
- БӘЖТД кабинеті – 1_
- медициналық кабинет – 1_
- асхана – 1
- кітапхана – 1
- спорт залы – 1
- спорт алаңы – 1

Мектептің педагогикалық ұжымының кадрлық құрамы

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі кадрлар құрамын нығайту жөніндегі қызмет болып табылады. ҚР «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжымды білім беру ұйымының басшысы қалыптастырады, қызметкерлерді қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек кодексіне сәйкес жұмысқа қабылданған барлық мұғалімдермен еңбек шарттары жасалды. Мектептің педагогикалық кадрларының сандық құрамы қажеттілікке байланысты анықталады.

Педагогикалық кадрларды талдау

Мектеп педагогтарының саны – 26 адам, оның ішінде 24 адам жоғары педагогикалық білімі бар, арнайы педагогикалық білімі бар – 2 адам.

Педагогтердің біліктілігі:

№	«Педагог-шебер» біліктілік санаты	«Педагог-зерттеуші» біліктілік санаты	«Педагог-сарапшы» біліктілік санаты	«Педагог-модератор» біліктілік санаты	«Педагог» біліктілік санаты	Екінші санат
1	0	4	8	7	7	0

Педагогикалық еңбек өтілі

№	3 жылға дейін	3 жылдан 15 жылға дейін	16 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан жоғары
1	5	11	3	7

Мұғалімдердің жас құрамы

№	30 жылға дейін	30 жастан 50 жасқа дейін	50 жылдан астам	Педагогикалық ұжымның орташа жасы
1	6	15	5	38,2

Мектепте төрт әдістемелік бірлестік жұмыс істейді.

1. Бастауыш сынып әдіс бірлестігі-жетекшісі Ахметова Н.А.
2. Тіл-тарих әдіс бірлестігі-жетекшісі Ашыкбаев Е.Б.
3. Жаратылыстану бірлестігі- жетекшісі Қошқарбаева.Г.Қ
4. Көркем-эстетика пәндерінің бірлестігі-жетекшісі Дандибаев.К.Б

Мектептің білім беру қызметі қойылған мақсаттарға сәйкес құрылады.

Негізгі мақсаттары: педагогтердің біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары қағидаттарын енгізу негізінде оқу – тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының функционалдық және академиялық сауаттылығын дамытуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін жағдайлар жасау.

Білім сапасын талдау кестеде келтірілген:

Параметрлер	2023-2024 оқу жылы
Білім алушылар	95
1.бастауыш сынып	43
2.негізгі орта	52
3.жалпы орта	-
Аттестаттардың берілуі	6
1. Негізгі орта білім туралы	6
2. Жалпы орта білім туралы	-

Білім алушылардың оқу үлгерімдері туралы

Білім алушылардың саны	95
Үздіктер	14
Екпінділер	41
Білім сапасы	65%
Үлгерімі	100%

Жыл соңында мұғалімдер саны-27,жоғары білімді – 25. Педагог-7,модератор-8,сарапшы-8,зерттеуші-4

МАД сыныбында-9 тәрбиеленуші. 9 тәрбиеленуші де 1-сыныпқа егов.кз сайты арқылы қабылданды.

1- тоқсан қорытындысы бойынша оқу үлгерімі 100 пайыз, білім сапасы -48 пайызды көрсетсе,II тоқсан қорытындысы бойынша -61,6 пайызды құраған. III тоқсан соңында 66 пайызбен аяқтаған еді. 4-тоқсан қорытындысына сәйкес 67 пайыз көрсетті. Бірақ жыл соңында 65 пайыз көрсеткішпен аяқтадық.

Сыныптар бойынша көрсеткіш төмендегідей:

№	Сыныбы	Оқушылар саны	Оқу озаты 1/2	Екпінділер 1/2	Тек 3-ке үлгерушілер 1/2	Бір пән бойынша «4» 1/2	Бір пәні бойынша «3» 1/2	Білім сапасы 1/2	Үлгерім
1	2	16	1/5/5/5	9/6/6/6/6	5/4/1/0	2/4/2/3/2	1/0/0/0/0	62,5/69/69	100
2	3	8	0/2/2/2	4/3/3/3/3	0/0/0/0	1/0/0	-	50/62,5/62,5	100
3	4	9	0/1/0/1	4/6/6/7/6	1/0/0/0	0/1/1/1/1	3/1/1/1/1	44,4/67/78	100
4	5	11	0/1/1/1	6/6/6/6/6	0/1/1/0/0	1/1/0/0/0	1/0/0/0/0	54,5/63/63	100
5	6	10	1/1/1/1	3/4/4/4/4	2/2/2/0/0	1/0/0/1/0	1/0/0/0	40/50/50	100
6	7	13	1/1/2/2	4/8/9/9/8	1/0/1/0/0	*0/0/0	-1	38,4/69/85	100
7	8	12	0/1/1/1	4/4/4/4/4	4/3/2/1/1	0/2/0/0/0	1/0/0/0/0	33,3/42/42	100
8	9	6	1/1/1/1	3/4/4/4/3	0/0/0/0/0	0/0/0/0	1/0/1/0/0	57,1/71/83	100
	Барлығы	85	5/13/14	44/41	1	4	2	47,7/61,6/66/67/65	100

2-сыныпта бірінші тоқсаннан кейін 4 үздік қосылған. Сапа 62,5 пайыздан 68 пайызға артқан. Мектепшілік есепке алынған Адеханов Мерхат 2 сабақтан,Арысбек Жалғасбек 1 сабақтан,Асқар Омар 1 сабақтан,Сузаков Мадияр 2 сабақтан 4 ке шыққан.

3-сыныпта бірінші тоқсаннан кейін 2 үздік қосылған. Сапа 50 пайыздан 62,5 пайызға көтерілген.

4-сыныпта үшінші тоқсан барысында 1 үздік шыққан. сапа 44 пайыздан 78 пайызға көтерілген. .Мектепшілік есепке алынған Асқар Қанат жаратылыстану пәнінен 4 ке шыққан.

5-сыныптағы екінші тоқсан барысында 1 үздік қосылды.үштік бағада тұрған Низамадин Дана 4 сабақтан 4 ке шыққан. сапа 54 тен 63 ке көтерілген.

6-сыныпта 50 пайыздан өзгеріссіз. Дегенмен тәуекел тобында тұрған Адеханов Бакдәулет 3 сабақтан,Алпысбай Айару2 сабақтан,4 ке шыққан.

7-сыныпта барлығы 2 үздік. Білім сапасы 38 пайыздан 69 пайызға одан 85 пайызға көтеріліп,92 пайыз көрсеткішпен 4 тоқсанды аяқтаса,жылдық қорытынды бойынша 85 пайызға түскен. бұл жерде Айбас Еркеназ химия пәнінен 3-ке шыққан. ал үштік бағада тұрған Абат Аружан 4 сабақтан 4-ке шыққан.

8-сыныпта 1 үздік. Алпысбай Бауыржан информатика пәнінен 4 ке,Манарбек Мұстафа қазақ әдебиеті,биологиядан 4 ке,шыққан.Қуаныш Бекет кілең үштік бағада қалған.

9-сыныпта үлгеруші болған. Олжабай Хамза 2 сабақтан 3-ке кеткен. Сапа 57,1 пайыздан 71 пайызға,одан 83 пайызға артқан. Бірақ жылдық қорытынды бойынша екпінді оқшы Жылқайдар Әділхантөре геометриядан 3 ке кетіп,сапа 67 пайызға түскен.

Білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші


Сыныптар	Жылдық 2022-2023	I тоқсан 2023-2024	Айырма I тоқсан	II тоқсан	Айырма II тоқсан/жылдық	III тоқсан	Айырма III	4 тоқсан/жылдық	Айырма 4 тоқсан/жылдық
1-4 сынып	71	52,3	-19	66	+13,7/-5	70	-19/+13,7/+4	70/70	0/-1
5-9 сынып	62	43,4	-19	59,18	+16/-3	65	+6,1	66/61,4	+1/-0,6
Жалпы мектеп бойынша	66	48	-18	62	+14/-4	66	+4	67/65	+1/-1

Бұл көрсеткіште 1-4 бастауыш сыныптар арасында 2022-2023 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша 71 пайыз болса,2023-2024 оқу жылының 1-тоқсаны 52,3 пайыз көрсетіп , -19 пайызға құласа,II тоқсан қорытындысы бойынша 66 пайызға,III тоқсан қорытындысында 70 пайызға көтерілген. 4 тоқсанда да 70 пайызды ұстап қалғанымен былтырғы жылдық соңындағы қорытындымен салыстырсақ -1 пайызға төмен. яғни

5-9 сыныптар арасында білім сапасы жыл соңында 62 пайыз көрсеткіш көрсетсе,2023-2024 оқу жылының I тоқсаны бойынша 43,4 пайызды көрсетіп,-19 пайызға төмендеген еді. II тоқсанда 59,1 пайызбен + 16 пайызға көтерілген. III тоқсан қорытындысында 65 пайызға көтерілген.

жалпы мектеп бойынша жыл соңында 66 пайызбен аяқтаған едік. Бірінші тоқсан қорытындысында 48 пайызға төмендеп,II тоқсанда 62 пайызға көтерілдік. 3-4 тоқсан соңында 66 пайызбен аяқтап отырмыз. Жыл аяғында 65 пайызбен қорытындыладық.

2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 2023-2024 оқу жылындағы білім сапасының көрсеткіші



Әрбір сыныпқа салыстырмалы жеке-жеке талдау жасасақ:

Сыныптар	Қазақ тілі	Әдебиеті	Орыс тілі	Математика	Ағылшын	Жаратылыстану Биология	Қазақстан тарихы	Химия	Физика
2-сынып 62,5/69	69/75	69/69	69/69	62,5/69					
3-сынып 57/50/62,5	57/50/62,5	71,4/62,5/87,5	57,1/62,5/87,5	100/62,5/87,5	71,4/62,5/62,5	62,5/62,5			
4-сынып 89/44,4/78	89/78/89	89/89/89	89/89/89	89/56/78	89/67/89	89/89/100			
5-сынып 67/54/63	67/82/73	67/82/82	78/64/73	67/54,5/64	89/73/73	100/82/82	82/82		
6-сынып 56/40/50	56/50/50	67/90/70	56/50/50	56/40/70	56/50/60	56/80/80	56/50/50		
7-сынып 71,4/38,3/85	93/85/93	93/85/93	86/77/93	86/61,5/93	86/86/93	100/92/93	93/69/93	46,2/85	54/93
8-сынып 42/33,3/42	42/58/50	67/67/72	50/42/67	42/42/42	42/42/42	67/33,3/58,3	50/42/50	67/50/50	42/33/42
9-сынып 60/57,1	100/100/100	100/100/100	86/100/100	57,1/57,1/83	71,4/71,4/100	100/100/100	100/100/100	100/71,4 100	100/71,4/100

2022-23 оқу жылын 14 үздік оқушымен аяқтасақ, 18,4 пайыз үздік ,2023-24 оқу жылында 1-тоқсанда 4 озат (5 пайыз) анықталып отыр. Үздіктердің айырмасы -13,4 пайыз. II тоқсанда 12 озат пен аяқтасақ,III тоқсанда 14 озат оқушы.

Екпінділер 2022-2023 II тоқсанда қу жылының аяғында 37 оқушы 49 пайыз,2023-2024 оқу жылында 1-тоқсанда екпінді оқушы 37,43 пайызды құрап отыр. Айырмасы – 6 болып тұр. II,III тоқсанда 42 оқушы екпінді.

Оқу озаттары мен екпінділердің салыстырмалы көрсеткіш

Сыныптар	Жылдық қорытынды	1-тоқсан (2023-24 о,ж)	Айырма шылығы	II тоқсан	Айырмашылығы	III тоқсан	4 тоқсан
Үздіктер	14	4	-13,4%	12	+8	14/+2	13
Екпінді	37	37	-6%	42	+5	42	41
сапа	66	48	-18	62	+14	66/+4	65

Оқушылар санының салыстырмалы көрсеткіш

Сыныптар	Жылдық	I тоқсан	Өсім кему	II/III/4 тоқсан Жыл соңы
1-4 сынып	41	43	+2	43/43
5-9 сынып	49	53	+4	53/52

Салыстырмалы кестеден байқалғандай жылдық қорытындысымен салыстырғанда оқушы саны + 4 оқушыға артқан. Олар, Низамадиндер отбасы мен Мейрамханұлы Низамадин. III тоқсан басында 1 оқушыға кеміген. Ол Жұлқаш Айханым. Отбасы жағдайына байланысты Ақтөбе қаласындағы № 49 мектепке ауысты.

Білім сапасының динамикасы :

2022-23 оқу жылы жыл соңында 65 пайызбен аяқтадық.

Білім сапасы 2023-24 оқу жылы I-тоқсанда 48 пайыз. - 18 пайыз төмендеген . (Мониторинг қосымша тіркелді).

II тоқсанда 62 пайыз, III тоқсанда 66 пайызға көтерілген. 4 тоқсанда 67 пайызға көтерілгенімен жыл соңында 65 пайызға төмендеген.

Мектептің білім сапасынан төмен (50% дан төмен) көрсеткен сыныптары:

8 сыныбы 42-33,3/42 пайыз сынып жетекшісі Муханбеткалиева А.А.

6-сынып сынып жетекшісі Мукашева А.А 60/40/50 пайыз.

Алдыңғы тоқсандарда төмен көрсеткіш көрсеткен 71-38,3/67/85 пайызбен 7-сынып жетекшісі Қошқарбаева Г. 3-сынып 57- 50/62,5 пайыз жетекші Ахметова А, 4-сынып 89-44,4/67//78 жетекші Камелова А білім сапасын көтеріп, сапаға жұмыс жасаған.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Заманауи тәсілдерді, әдістерді және білім беру технологияларын қолдану арқылы білім беру сапасын жетілдіру»

Әдістемелік жұмыс мақсаты:

- мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, оларды шығармашылық әрекетке баулуда білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты әдістемелік көмек көрсету;
- білім сапасын арттыруға жағдай жасау, көңілді орта құру және әрбір оқу процесіндегі педагогтер мен оқушыларға өзін-өзі дамытуға, тануға, жетелеуге қолайлы жағдай туғызу.

Әдістемелік жұмыс міндеттері:

- Мектептің педагогикалық ұжымының іс-әрекетін жаңашылдыққа бағыттауды қалыптастыру (озық тәжірибені ендіру, жалпылау, тарату мен жүйелі зерттеу, үйрену)
- Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативті құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру.
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілері мен психолог, педагогтік қызметте жекелеген бір мәселелерде қиналатын мұғалімдерге жас ерекшеліктерін ескере отырып, диагностикаланған, сараланған негізде әдістемелік көмек көрсету.
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету.
- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын үйлестіру, жетілдіру, оқу пәндерінің мазмұнын жаңартуға және өңдеуге ұсыныстар беру.

Педагог кадрлардың міндеттері:

А) квалификация бағытын көтеру:

- Мұғалімдердің квалификациясын курстық оқулар, вебинарларға қатысу арқылы, дөңгелек үстел, онлайн және офлайн конференцияларға қатысу арқылы көтеру.

Б) әдістемелік жұмыс бағытында:

- Мұғалім-оқушы қарым-қатынасына талдау және диагностика жасау;
- Алдыңғы қатардағы мектептердің іс-тәжірибиесін қолдану және әр сабақ этаптарында педагогикалық технологияларды қолдану;
- Педагогтың және оқушының жеке шығармашылық әлеуетін дамытуға қолайлы орта құру мен білім беру мазмұнының вариативтілігі арқылы үйірме мен секцияларды кеңейту;
- Білім алушылардың мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты бойынша дайындығын сапалы көтеру.

В) курстық жүйе арқылы педагог кадрлердің білім беру деңгейін көтеруді жалғастыру.:

- Әдістемелік жұмысты жүргізуде педагог зерттеушілер, «Парасат» тобының жұмысы, тиімді оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін кеңейту.

**ПЕДАГОГ КАДРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ
ПЕДАГОГТЕРДІҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

№	Параметрлері	2024-2025 оқу жылы
1	Педагогтердің жалпы саны	26
2	Біліктілік санаты	
	Педагог-шебер	-
	Педагог-зерттеуші	4
	Педагог-сарапшы	10
	Педагог-модератор	11
	Педагог	1
3	Білімі	
	Жоғары	24
	Арнаулы орта	2

ПЕДАГОГТЕРДІҢ 3 ЖЫЛДАҒЫ БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНІҢ САЛЫСТАРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

ЖЫЛДАР	Жоғарғы білімі бар педагогтер саны	%	Орта арнайы білімі бар педагогтер саны	%	Орта білімі бар педагогтер саны	%
2022-2023	23	92%	3	12%	0	0
2023-2024	24	92,3%	2	7,7%	0	0
2024-2025	24	92,3%	2	7,7%	0	0

ПЕДАГОГТЕРДІҢ 3 ЖЫЛДАҒЫ КВАЛИФИКАЦИЯСЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

Жылдар	Педагог-шебер	Жоғары категориясы бар мұғалімдер саны	Педагог-зерттеуші	Бірінші категория	Педагог-сарапшы	Екінші категория	Педагог-модератор	Педагог
2022-2023	-	0	3	1	8	2	6	6
2023-2024	-	0	4	0	8	2	7	6
2024-2025	-	0	4	0	10	0	11	1

Мақсаты:	SWOT талдау	
2023-2024 оқу жылына оқу-тәрбие процесінің тиімділігі мен іске асырылуын бақылау мақсатында оқу-тәрбие жұмысы бойынша талдау жасау	S – күшті: ➤ Педагогикалық ұжымның тұрақтылығы ➤ Білікті мамандардың болуы: - мектеп тренерлері; - педагог-зерттеушілер, педагог-сарапшылар сапалық үлесі; ➤ Мектептерде әдістемелік күн, семинар, байқауларға педагогтардың қатыстырылуы; ➤ Педагогтар мен білім алушылардың аудан, облыс, республика көлемінде ұйымдастырылған байқауларға қатысу деңгейінің артуы; ➤ Біліктілікті арттыру курстарынан пән мұғалімдерінің толық өтуі; ➤ Педагогтарының сапалық құрамының артуы (біліктілік санаттарының жоғарылауы); ➤ Озық іс-тәжірибелердің облыс, аудан көлемінде кеңінен таратылуы; ➤ Мектеп оқушыларының білім сапасының артуы.	W – әлсіз: ➤ Қашықтан оқыту кезінен білім алушылардың, білім алуында нақты бағалауда мүмкіндіктердің төмен болуынан қалған салдар; ➤ Пән мұғалімдерінің «Зерде», «Дарын» ғылыми жобаларға оқушыларды қатыстыру үрдісінің төмен болуы;

	О – мүмкіндіктері: ➤ Мектепті дамытуға, жаңашылдықпен басқаруға; ➤ Педагогтердің кәсіби біліктілігін көтеруге; ➤ Бірлескен сабақ жоспарлау, командалық оқытуға; ➤ Цифрлы оқыту форматында білім алушылардың нақты білімін айқындауға; ➤ Желілік қоғамдастықпен тығыз байланыс орнатуға; ➤ Әр түрлі платформаларды тиімді сабақта пайдалануға мүмкіндігіміз бар.	Т – қауіп: ➤ Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты балалардың кітап оқуға деген қабілетінің жоғалуы нәтижесінде тілдік және сөйлеу құзіреттілігі, креативті ойлау қабілетінің төмендеуі.
--	---	---

Қорытынды:

Кадрлық құрамның талдауына қарай кадрлық құрам жас мамандармен толықтырылып келеді, бұл әдістемелік қызметтің жаңадан келген мұғалімдердің квалификациясын көтеру деген міндет туғызады;

Бүгінгі таңда ваканттық сағаттар – химия, физика пәндерінен қажеттілік туғызып тұр.

ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

2023-2024 оқу жылында 2 жас маман жұмысқа орналасты. Барлығы мектепте 4 жас маман. Жылдық қорытынды бойынша 2 жас маман біліктілік арттыру курсынан өтті, 2 маман педагог-модератор категориясын алды. (педагог-психолог Ашықбаева А, биология пәні мұғалімі Сабыр Н.)

Мектепте бірінші жыл жұмыс істеп жатқан мұғалімдер үшін семинар-тәжірибе, жас мамандар мектебі «Шыңдалу» мектебі құрылған болатын. Ондағы мақсат – жас мамандардың әдістемелік көмек арқылы квалификациясын көтеру және мектептің оқу процесіне интеграциялау және бейімдеу, педагогтердің кәсіби дамуы мен өзін-өзі дамытуға орта құру болатын. «Шыңдалу» мектебі айына 1 рет (әрдайым жеке консультациялар жүргізіліп отырды) әр түрлі формада қиындық туғызатын семинарлар, іскер ойындар, дөңгелек үстел, пікірталас, ашық сабақтар өткізіліп отырды. Жаңа бастаған жас мұғалім алған білімі ашық сабақ пен сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға жібереді. «Шыңдалу» клубының отырыстарында дәстүрлі сұрақтар қарастырылды: жаңа әдістемелік әдеби кітаптардың түрлері, құқықтық-нормативтік құжаттар, жас маман портфолиосын қалай жасау керек, мансаптық перспективаның талдаулары қарастырылды. Жыл соңына дейін 21 сабақ өткізілді. Ондағы қарастырылған сұрақтар: жаңартылған білім бағдарламасын дамытудың стратегиялары, құжаттар жүргізу, оқушыға мінездеме беру, ата-аналармен жұмыс, сабақтағы тәртіпті қалай келтіру керек, әдіс-тәсілдері

мен шешімдері, жан-жақтылық, оқытудың тиімділігі, мақсатқа сай болуы, білім берудің жаңа технологиялары, педагогикалық міндеттерді шешу, дарынды балалармен жұмыс жасау алгоритмі қарастырылды.

Жас мамандармен жұмысты талдай келе, мынадай қорытындыға тоқталдық: жаңа бастаған жас мамандарға әдістемелік көмек тиімді әсерін тигізді, мектепке бейімделу сәтті өтті. Жас мамандар өз мамандықтары бойынша өзіндік дамуды жұмыс жасауда, мектептің өміріне белсене қатысып, қоғамдық жұмыстарда және өз ашық сабақтарындағы жетістіктерден байқауға болады. «Жыл мұғалімі» байқауында Сабыр Нұржан Жандәулетұлы бас жүлде иеленсе, Серикбаева Сымбат Серикбаевна бірінші орын жүлдегері атанды.

Оқу жылының басында жас мамандарға арнайы жетекшілер бекітілген болатын. Әр жетекші жас маманмен жұмысқа жоспар құрылды. Жас мамандар жетекшінің сабағына кіріп, жетекші жас мамандардың сабағына қатысып үнемі байланыста болды. Жас мамандардың сабақтарында ұсыныстар беріліп, жас мамандар келесі сабақта сол кедергілерін жоюға тырысып отырды. Білікті мұғалімдер қажетті әдістемелік көмек көрсетіп отырды. Жас мамандарға жаңа технологияларды тиімді қолдануға байланысты семинар, ашық сабақтар жүргізіліп, жас мамандардың сабақтарына қатысып отырды.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КУРСТЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Педагог кадрлердің квалификациядан өтуі жоспар бойынша және жоспардан тыс өткізіліп жатыр. 2023-2024 оқу жылында біліктілік арттыру барысында онлайн/офлайн режимінде 20 мұғалім өтті.

Курстық дайындықты талдай келе, барлық кезегі келген пән мұғалімдерінің біліктілік арттыру курсынан толық өткендігін атап айтуға тура келеді

2024-2025 оқу жылында пәндік құзыреттіліктен 6 мұғалім, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған инклюзивті курстан өту 12 мұғалімге жоспарланып отыр.

«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АТТЕСТАЦИЯДАН ӨТУІ

2024 жылы шілде-тамыз айларында 10 өтініш беріліп, аталған педагогтер өтініш берген санаттарын қорғады:

2 - педагог-модератордан педагог-сарапшыны алуға : музыка пәні мұғалімі А.Н.Бисенғали, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.М.Адилова.

1-педагог-сарапшыны растауға Е.Б.Ашықбаев.

5- өтініш педагога-модераторға: Муханбеткалиева А.А., Шорабаева М.Е., Сабыр Н.Ж., Ашықбаева А.Е., Наурзалин М.З

1 педагог директордың үшінші дәрежелі орынбасарына: Дуисалина Ш.Б.

1 педагог мерзімінен бұрын педагог-сарапшыдан педагог-зерттеушіні алуға Дуисалина Ш.Б.

Сарапшы және аттестациялық комиссия бекітілген педагогтердің аттестация ережелеріне сүйене отырып, уақытқа сәйкес өтті.

Қорытынды: педагогтердің аттестациясы жоспарға сәйкес және өтініш бойынша өткізілді.

Ұсыныс: аттестация бойынша педагогтар арасында консультация беріліп отырсын, педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы өтініштерін мұқият тексеру (авторлық бағдарламаның болуын қадағалау).

МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Педагогикалық шеберлікті көтерудің ең басты құралы, мектептің барлық жұмысын бір-бірімен байланыстыратын ол – әдістемелік жұмыс.

Әдістемелік жұмыс инновациялық жұмыспен үйлестірілген, оның мүшелері директордың орынбасары және әдістемелік бірлестік жетекшілері.

Оқу жылында әдістемелік кеңес отырысы болды, онда қарастырылған мәселелер: педагог әріптестердің бір әдістемелік тақырыпта жұмыс жасауын ұйымдастыру, әдістемелік бірлестік жұмыстарының жоспарын бекіту, шығармашылық топ, дарынды балалармен жұмыстың жоспарын құру. 2023-2024 оқу жылының талдауындағы ұсыныстарға сүйене отырып, 2024-2025 оқу жылында гуманитарлық бағыттағы пәндердің сабақ беру сапасы, дарынды оқушылармен жұмыс, таңдау пәндерінің тиімділігі, сабақты зерттеу және 5-сыныптардың орта буынға бейімделуіне байланысты әдістемелік жоспар қарастырылды.

Әдістемелік жұмыстың басты мақсаты әдістемелік бірлестіктермен тығыз жұмыс жасау болып табылады. Барлық әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспары бекітілді, мектептің оқу жоспарынан бөлек әр тоқсан соңында ӘБ отырысы өткізілді. ӘБ отырыстарында келесі сұрақтар қарастырылды: ӘБ жұмыс жоспарын құру, өзіндік білімін жетілдіру, құқықтық-нормативтік құжаттарды қарастыру, педагогикалық құзыреттілікті дамытып отыру, оқушылардың білім сапасы, дарынды оқушылармен жұмыстың жүйесі, жаңа технологияларды қолдану.

2023-2024 оқу жылында келесідей **семинар, дөңгелек үстел, шебер-сыныптар өткізілді:**

- 20.09.2023 жылы «Оқушылардың дарындылығын дамытуда ғылыми жоба жұмысының ролі» ғылыми жоба заман талабы тақырыбында №1 әдістемелік семинар;
- 19.10.2023 жылы «Цифрлық шешімдерді жүзеге асыру» кіші әдістемелік отырыс;
- 22.11.2023 жылы «Математика, информатика және биология пәндерінде цифрлық шешімдерді жүзеге асыру» шебер сынып;
- 25.11.2023 жылы мектепшілік білім сапасынан төмен нәтиже көрсеткен 8-сынып үшін «Ашық есік күні» өтті, бағдарламасы мен жоспары бекітіліп, мектептің 10 ұстазы өз тәжірибелерімен бөлісті;
- 13.12.2023 жылы «ББЖМ-ға сапалы дайындау жолдары» дөңгелек үстел;
- 20.12.2023 жылы «Action Research және Lesson Study» әдістемелік күн;
- 06.01.2024 жылы «Білім ал» жобасы аясында «Стриминг» тобының мүшелері, жаратылыстану пәні мұғалімдері облыс деңгейінде іс-тәжірибелерімен бөлісті;
- 17.01.2024 жылы «Дәптер-оқушы айнасы» атты кіші әдістемелік семинар;
- 14.02.2024 жылы «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі-сапалы білім негізі» педагогикалық ынтымақтастық;
- 28.03.2024 жылы «Шығармашылықты шыңдау-біліктілікті арттыру кепілі» аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің есебі тыңдалды;
- 19.04.2024 жылы «Табысты сабақ құрылымы» коучинг;
- 15.05.2024 жылы «Білім сапасын көтерудегі тиімді әдістер» 6,8 сыныптардағы оқу мақсаттарын игеруде қиындық келтіретін оқушылармен жүргізілетін жұмыс сапасы

➤ 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдер үшін әдістемелік семинар, «Порядок проведения аттестации педагогических работников организаций, осуществляющих образовательную деятельность»,

Оқу-әдістемелік жоспар бойынша қыркүйек айында 1 күндік тіл мерекесіне орай «Тіл деген алып мұхит, түбі терең», наурыз айында тілдер апталығы күніне орай «Наурыз-думан» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Сыныптан тыс іс шаралар, концерттік бағдарлама, интеллектуалды ойындар, тілдерді білуге арналған оқушы қызығушылығын арттыруға жоспар жасақталды.

Көркем-эстетикалық пәндер апталығы «Білімді ұрпақ-кемел болашақ» тақырыбында ұйымдастырылып, жоғары деңгейде болып өтті.

Сәуір айының 15-19 аралығында «Білім шыңының баспалдағы-бастауыш» атты бастауыш сынып бірлестігінің апталығы жоғары деңгейде өткізілді. Апталықтың ашылуында «Бәрін білгім келеді» көңілді старт ойыны кезінде оқушыларға түрлі қызықты ойындар өткізілді. «Әдем жазу да - өнер» көркем жазу байқауында жазу каллиграфиясын талапқа сай орындаған оқушыларды іріктеп, марапатталды. «Смарт оқушы» сайысында 3-сынып оқушысы Мейрамханқызы Маржан өз білімін шыңдап, өнерімен тәнті етіп жеңімпаз атанды. Апталықтың соңғы күні «Ән шырқайық, би билеп» атты көңілді кеш көнцертімен аяқталды.

Мектепте келесідей факультативтік курстар өткізіледі:

➤ ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына сәйкес 5-8 сыныптарда 0,5 сағат, 9-11 сыныптарда 1 сағат «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

➤ 1-4 сыныптар арасындағы негізгі бағыттар: Ғажайып математика, Қызықты математика, Математика және логика, Көркем жазу таңдау курсы.

Қорытынды: Орта және жоғарғы сынып мұғалімдерінің жұмыстары тек дарынды балалармен жұмыс және апталықтардың өткізуі болып табылады.

Ұсыныс: ӘБ жетекшілерінің 2024-2025 оқу жылына жасаған жоспарларын қайта қаралсын, пән мұғалімдерінің сапалы жұмысына көңіл аударылсын, тәжірибемен бөлісу және мониторингпен жұмыс ӘБ жетекшілері мен мұғалімдерге жүктелінсін.

МЕКТЕПШІЛІК БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ

Мектепшілік бақылау - мектеп әкімшілігі мүшелерінің басшылық тәртібі және өз құзыры шектеуінде мектеп қызметкерлерінің ҚР, министрліктің, департаменттің, мектептің білім беру саласындағы заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді сақтауын бақылау түрінде жүзеге асырылатын бақылау, тексеру өткізулері болып табылады.

Мақсаты:

- Білім беру ұйымы қызметін жетілдіру.
- Мұғалімдердің шеберлігін арттыру.
- Мектепте білім беру сапасын жақсарту.

Міндеттері:

- білім беру саласындағы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерді бұзу және орындамау жағдайларын айқындау, олардың алдын кесу шараларын қолдану;
- бұзулардың негізін құрайтын себептерді талдау, олардың алдын ала бойынша шара қабылдау;
- педагог қызметкерлердің қызмет нәтижелерін талдау және эксперттік бағалау; педагогикалық қызмет нәтижелерін зерттеу, білім беру ұйымындағы жағымды және оң өзгерістерді айқындау және осының негізінде педагогикалық тәжірибені тарату және кері тенденцияларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- мектеп бойынша бұйрықтарды және өкімдерді жүзеге асыру нәтижелерін талдау;
- бақылау үдерісінде педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.

2023-2024 оқу жылында мектепшілік бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сүйеніп жасалып, 6 бағыттан тұрды:

- I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
- II. Оқу процесінің сапасын бақылау;
- III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау;
- IV. Оқу-зерттеу қызметі;
- V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау;
- VI. Тәрбие процесінің, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау.

2023-2024 оқу жылында жоспарлы тексеру түріндегі мектепшілік бақылау бекітілген жоспар-кестеге сәйкес жүзеге асырылды, ол мерзімділікті қамтамасыз етті. Жоспар оқу жылының басында педагогикалық кеңес мүшелерімен бекітілді.

Мектепшілік бақылау барысында келесі мәселелер қаралды:

ҚР білім беру саласындағы заңнамасын ұстану;

білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

каржылық және материалдық құралдарды нормативтерге сәйкес қолдану;

білім беру үдерісінде әдістемелік қамтамасыз етуді қолдану;

бекітілген білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын іске асыру, бекітілген оқу кестелерін сақтау;

Мектеп жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін және өзге жергілікті актілерді сақтау;

оқушыларды аралық аттестаттаудан өткізу және оқу үлгерімін аралық бақылауды өткізу тәртібін сақтау;

оқушылардың жекелеген санаттарына қосымша жеңілдіктерді және заңнамамен және жергілікті өзін өзі басқару органының құқықтық актілерімен карастырылған материалдық қамтамасыз ету түрлерін уақытында жеткізу;

2024-2025 оқу жылының мектепшілік бақылау жоспарын орындау барысында келесі оқу жылына **ұсыныстар** туындады:

- Физика, химия, биология, география пәні мұғалімдерінің 7- сыныптардағы жұмыс жүйесі;
- Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша қазақ тілі мен математика пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі;
- Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша сабақта тапсырмалардың енгізілуі;
- 5-9 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі;
- 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы;
- 9-10 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы.

**Мектеп ұжымының 2024-2025 оқу жылындағы
SMART мақсаты мен міндеттері:**

МАҚСАТТАРЫ:

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюда инновациялық әдістерді тиімді қолдану және педагогикалық–психологиялық қолдау көрсете отырып, оқу жылының аяғына дейін 75 % - дық білім сапасын тұрақтандыру, сондай-ақ адамгершілік және жалпы құндылықтарға ие, жан жақты дамыған, бүгінгі күнге икемді тұлға тәрбиелеу.

МІНДЕТТЕРІ:

- Әр түрлі сандық платформаларды қолдану арқылы оқушылардың ынтасын арттыру;
- Білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқушылар мен педагогтердің функционалды және сандық сауаттылығын арттыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Сөйлеу мәнері қалыптасқан, үйлесімді, кез-келген мәселені шеше алатын, өмірге икемді, сондай-ақ адамгершілік және жалпы құндылықтарға ие, жан жақты дамыған тұлға қалыптасады.

III. ЖАЛПЫҒА ҚОЛЖЕТІМДІ БІЛІМ АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ
3.1. "БІЛІМ ТУРАЛЫ" ҚР ЗАҢЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Қаралады
1	Портал арқылы оқушылардың түсуін ескере отырып, 1-ші сыныптарды қалыптастыру «egov.kz», «es.ias.kz»	Сәуір-тамыз	Сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі	Директор жанындағы кеңес
2	Мектептің құжаттарын рәсімдеу: бұйрықтар кітабы, алфавиттік кітап	Тұрақты	хатшы	Директор жанындағы кеңес
3	Денсаулығы нашар балалардың тізімін жасау	Қыркүйек	Медициналық қызметкер, психолог	
4	Қамқоршылықтағы және қорғаншылықтағы балаларды есепке алу, мүмкіндігінше материалдық көмек көрсету	Жыл бойы	Директор, әлеуметтік педагог	Қамқоршылық кеңес
5	Тереңдетілген медициналық тексеру жүргізу, ДК-дегі балалардың денсаулық жағдайына терең талдау жасау	Қаңтар	Медициналық қызметкер	Директор жанындағы кеңес

6	Санитарлық гигиенаны, талаптарды, эпидемиологиялық режим ережелерін қатаң бақылау.	Жыл бойы	Медициналық қызметкер, шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасары	Директор жанындағы кеңес
7	"Тәуекел тобының" және қолайсыз отбасылардың білім алушыларының деректер банкін қалыптастыру.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог, психолог	Директор жанындағы кеңес
8	Білім алушылардың тұрмыстық жағдайларын зерттеу және тегін буфеттік (ыстық) тамақтануды қажет ететін білім алушылардың тізімін ұсыну.	Тамыз-қыркүйек	Сынып жекешілер, әлеуметтік педагог	Қамқоршылық кеңес
9	ОДН есебінде, мектепшілік есепте тұрған девиантты мінез-құлықты балаларға картотека жүргізу.	Тұрақты	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог	Директор жанындағы кеңес
10	Ата-аналармен, мамандармен бірлесіп маскүнемдіктің, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың, ЖҚТБ-ның алдын алу бойынша жұмыс жүргізу.	Тоқсанына 1 рет	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, инспектор, медициналық қызметкер	Директор жанындағы кеңес
11	Білім алушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізу, оқулықтарды сақтау және ұқыпты қарау бойынша сыныптар бойынша рейдтер жүргізу	Тоқсанына 1 рет	Директор, кітапханашылар	Директор жанындағы кеңес
12	Үлгерімі нашар оқушыларды уақтылы анықтау, олармен жеке жұмыстар жүргізу	Тұрақты	Сынып жетекші, пән мұғалімдері	Директор жанындағы кеңес
13	Мектептің әлеуметтік паспортын қалыптастыру.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог, сынып жетекші	
14	Оқу мотивациясы төмен білім алушылармен жұмыс туралы мұғалімдермен әңгімелесу.	Тоқсан қорытынды шыққанда	Оқу ісі жөніндегі орынбасар	Әдістемелік кеңес
15	Тоқсан қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы бар білім алушылармен жеке жұмысты ұйымдастыру.	Демалыс уақытында	Пән мұғалімдер, мектеп әкімшілігі	Педагогикалық кеңес
16	Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум отырыстарын өткізу	Кесте бойынша	Психологтар, оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасар	Педагогикалық консилиум

	Ата-аналармен жоспарлы жұмысты жүзеге асыру (ата-аналар жиналысы, жеке кездесулер)			
17	Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау.	1 жартыжылдықта 1 рет	Психолог	Директор жанындағы кеңес
18	Оқушылардың мінез-құлқын түзетудің жеке бағдарламасын жасау.	Тұрақты	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Директор жанындағы кеңес
19	Дарынды балалармен жұмысты бақылау	Тұрақты	Бірлестік жетекшілері	Бірлестік отырысы

3.2. ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Оқу кабинеттердің оқу жылының басталуына дайындығын қарау	тамыз	Директор, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
2	Мектепті педагогикалық кадрлармен толықтыру. Педагогикалық жүктемені бекіту, міндеттерді бөлу	29.08 дейін	Директор, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Бірінші сыныпқа оқушыларды қабылдауды ұйымдастыру	31.08 дейін	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4	Оқу жылының басында есептерді дайындау және жіберу.	09.09 дейін	Директор орынбасарлары
5	Оқу-ағарту министрлігінің жаңадан шығарылған нормативтік құжаттарын зерделеу және олармен мұғалімдерді таныстыру	Оқу жылының барысында	Директор орынбасарлары
6	Мұғалімдердің пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын тексеру	Тамыз қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
7	Сабақ кестесін құру	Тамыз қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
8	Қосымша білім беру педагогтерінің оқу-тақырыптық жоспарлауын тексеру	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
9	1-сынып оқушыларының жеке істерін ресімдеу, алфавиттік кітапқа енгізу	05.09 дейін	Сынып жетекшілері, іс жүргізуші
10	Мектепшілік бақылауда (ЖББМ) тұрған балалардың тізімін түзету. Мектептің әлеуметтік паспортын ресімдеу.	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

11	Сабақтың алғашқы күндерінде сабақтар мен іс-шараларда оқушылардың болмау себептерін анықтау.	Қыркүйек	Сынып жетекшілер, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
12	Сыныптардың кезекшілігін ұйымдастыру, кезекшілік кестесін жасау	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
13	Санитарлық-гигиеналық режимді және еңбек қауіпсіздігінің техникасын қамтамасыз ету	Тамыз	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
14	Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету	Тамыз-қыркүйек	Кітапханашы
15	Тегін тамақ ұйымдастыру	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог

3.3. ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар	Қайда қаралады
1	Өтініш бойынша бейіндік 10-сынып оқушыларын ұйымдастыру	Маусым-тамыз	Мектеп әкімшілігі	Педагог хаттамасы
2	Күнтізбелік жоспарлау бойынша кеңес. 2024-2025 оқу жылына арналған міндеттер.	Тамыз	ӘБ жетекшілері, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Әдістемелік кеңес
3	Факультативтер мен үйірмелердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын бекіту	Тамыз	ӘБ жетекшілері, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	№1 педагогикалық кеңес
4	Оқу кабинеттерінің перспективалық және жылдық жоспарын бекіту	Тамыз	Мектеп әкімшілігі	Мектеп директоры
5	Таңдау пәнінің, мектеп компоненттерінің бағдарламасын бекіту	Тамыз Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі	№1 педагогикалық кеңес
6	1-4, 5-10 сынып оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз етуді бақылау	Қыркүйек	Кітапханашы, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес

7	ББД (бастапқы, аралық, қорытынды).	Жыл бойы, кестеге сай	Жоспарға сәйкес мектепшілік бақылау	Директор жанындағы кеңес
8	Пәндік апталар, қорытынды бақылау жұмыстары, сыныптан тыс іс-шаралар арқылы оқушылардың білімін ұсыну	Жоспарға сай	ӘБ жетекшілері	Әдістемелік кеңес
9	Балаларды пәндік олимпиадаларға дайындау, пәндік олимпиадалардың 1 кезеңін өткізу.	Жоспарға сай	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері	Әдістемелік кеңес
10	Жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес күнтізбелік жоспарлауды бақылау.	Қыркүйек Қаңтар	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Әдістемелік бірлестік отырысы
11	Мемлекеттік стандарт анықтаған бағдарламалық материалдың орындалу санын-сапасын бақылау.	Жартыжылдыққы 1 рет	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Педагогикалық кеңес
12	Әдістеме сабақтастығы және бейімделу проблемаларын шешу бойынша мұғалімдердің сабаққа өзара қатысуы	Жыл бойы, тізімге сай	ӘБ жетекшілері	Әдістемелік кеңес, педагогикалық консилиумдар
13	Мектепшілік бақылау жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету	Ай сайын	Әкімшілік	Материалдар
14	Пәндер бойынша оқушылардың жиынтық бақылау жұмыстарын талдау	Тоқсанына 1 рет	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Әдістемелік бірлестік отырысы
15	9- сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру	Маусым	Мектеп директоры, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Директор жанындағы кеңес

4.1. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС.
4.1.1. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспарын жасау	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Курстардан өту бойынша есептер жасау	1 жартылдыққа 1 рет	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын жасау	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

4.1.2. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
1	"Аттестаттау мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық база және әдістемелік ұсынымдар" теориялық семинары	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Педагогтарды аттестаттау бойынша консультация	1 жарты жылдыққа 1 рет	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	Аттестаттауда өтуге өтініш жазу кезінде жеке кеңес беру	1 жарты жылдыққа 1 рет	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4	Педагогтердің қызметін зерделеу, аттестаттаудан өту үшін қажетті құжаттарды ресімдеу	Жоспарға сай	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5	Педагогтарының ашық іс-шаралар өткізуі, аттестатталатын мұғалімдердің өз тәжірибесін ұсынуы	Жоспарға сай	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
6	Барлық санаттарға аттестаттаудан өтуге өтініштерді қабылдау	Кезеңінде	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
7	Аттестатталатын педагог қызметкерлердің тізімін нақтылау	Қараша, мамыр-маусым	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

4.1.4. ЖАС МАМАН МЕКТЕБІ

Мақсаты: Педагогикалық шеберлікті арттыру және теориялық білімдерін жетілдіру сұрақтары бойынша мұғалімдерге практикалық көмек беру.

Міндеттері:

1. Жас мұғалімдердің өзін-өзі үзбей жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру.
2. Жаңа оқу жылында жас мамандардың бастапқы қажеттіліктерін анықтау және әдістемелік жұмыстың түрін таңдау.

№	Жұмыстың мазмұны	Өткізу формасы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	“Оқыту мен тәрбиелеу: кәсібилік пен табысқа бірге”	жиналыс	Қыркүйек	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат
2.	“Менің шығармашылық қоржыным”	Портфолио жинақтау	Қазан	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат
3.	Жас мамандарға семинар тренинг “Сабақ үстіндегі тәртіп мәселесі”	Ситуациялық жағдаяттарды шешу	Қараша	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат ДТІЖО Адилова М.М Психолог
4.	“Мамандығым-мақтанышым”	тренинг	Желтоқсан	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат

5.	“Мен ұлағатты ұстазбын” (тәлімгерлер, жас мамандар)	Дөңгелек үстел	Қаңтар	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат
6	“Үйренейік, ізденейік, жас маман”	апталық	Ақпан	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат
7.	“Қазіргі қоғамдағы мұғалім бейнесі”	пікірталас	Наурыз	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат
8.	“Мен не үйрендім?” (Жас маманның жыл бойы жасаған жұмыстары бойынша талдауы)	талдау	Сәуір	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат
9	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жылдық қорытындысы	есеп	Мамыр	“Шыңдалу” жас мамандар клубының жетекшісі Саматқызы Нұрзат

4.1.5. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
1	Мұғалімнің жұмысындағы қиындықтар мен ең жақсы тәжірибені анықтау. Мұғалім оқушы көзімен сауалнама	Қазан	Мектеп әкімшілігі
2	Мониторинг, мектеп мұғалімінің рейтингін қорытындылау.	Жыл қортындысы бойынша	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

4.2. ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ ЖҰМЫСЫ

4.2.1. ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕРМЕН ЖҰМЫС

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
1	Әдістемелік кеңес «2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың басым міндеттері және оларды әдістемелік бірлестіктердің жоспарларында көрсету»	тамыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2	Пәндер бойынша нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды зерделеуді ұйымдастыру. Әдістемелік бірлестіктердің басшыларымен ӨНХ мазмұны, нормативтік - құқықтық талаптар, жұмыс бағдарламалары, КТЖ бойынша кеңес беру	тамыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	"Мұғалімнің портфолиосы ерікті аттестаттаудың құрамдас бөлігі ретінде"әдістемелік кеңесі.	Аттестация кезеңінде	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Пәндер апталығы Мақсаты: білім алушылардың қызығушылығы мен креативтілігін, педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, білім беру пәндеріне қызығушылықты дамыту, оқуға ынталандыру.			
1	Тілдер күні	Қыркүйек	Әдістемелік бірлестік жетекшісі
2	Жаратылыстану пәндер апталығы	Қаңтар	Әдістемелік бірлестік жетекшісі
3	«Ақыл көпке,білім көкке жеткізер»Көркем эстетика пәндері мұғалімдерінің апталығы	Ақпан	Әдістемелік бірлестік жетекшісі
4	Жас мұғалімдер онкүндігі	Ақпан	«Шыңдалу» жас мамандар клубы
5	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдер апталығы	Наурыз	Әдістемелік бірлестік жетекшісі
6	Бастауыш сынып апталығы	Сәуір	Әдістемелік бірлестік жетекшісі
7	Карандаш-2025	Мамыр	Әдістемелік бірлестік жетекшілері

4.2.2. ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Орындаушылар
1	№1 әдістемелік кеңес 1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарын қарастыру. 2. Пәндік апталарды өткізу жоспарын бекіту	Тамыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

2	№2 әдістемелік кеңес 1. Пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың құрастыру сапасы 2. Көркем еңбек, дене шынықтыру сабағындағы техникалық қауіпсіздік сақтау ережелері инструктажының жүргізілуі 3. Мектепшілік, қалалық пән олимпиадасына және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық барысы 4. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейімен танысу	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3	№3 әдістемелік кеңес 1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. Физика, химия, биология, география пәні мұғалімдерінің 7 сыныптардағы жұмыс жүйесі 3. Жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдер арасында «Оқыту үдерісін жоспарлауда қалыптастырушы бағалаудың маңызы» дөңгелек үстел	Қазан	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
4	№4 әдістемелік кеңес 1. 2-4 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру 2. I тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау 3. Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесінің тиімділігі 4. 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы	Қараша	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Әдістемелік бірлестік жетекшілері, психолог, пән мұғалімдері
5	№5 әдістемелік кеңес 1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды толтыру бойынша қазақ тілі пәні мұғалімдерінің жұмыс жүйесі 3. 9-10 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы 4. Педагогтердің дарынды балалармен жұмысына талдау	Желтоқсан	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
6	№6 әдістемелік кеңес 1. II тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау	Қаңтар	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері

	2. 5-9 сынып оқушыларының математикалық сауаттылығының даму деңгейі 3. Біліктілік санаты жоқ педагогтердің қызметін талдау		
7	№7 әдістемелік кеңес 1. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша сабақта тапсырмалардың енгізілуі 2. Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысы	Ақпан	«Шыңдалу» жас мамандар клубының жетекшісі
8	№8 әдістемелік кеңес 1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. 5-8 сыныптарда кәсіби бағдар беру жұмысының жүргізілу барысы 3. Педагогтердің дарынды балалармен жұмысына талдау	Наурыз	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Кәсіптік бағдар беруші педагог
9	№9 әдістемелік кеңес 1. 9,10 сыныптарда тарих пәнінен сауаттылықтарын анықтау 2. III тоқсан қорытындысы бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен пәндердің жүргізілуін бақылау 3. Жас мұғалім мектебінің жұмысы	Сәуір	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері
10	№10 әдістемелік кеңес 1. Тоқсанның қорытындысы бойынша жиынтық бағалау нәтижелері 2. Көркем еңбек, музыка сабақтарында оқушыларды өнерге баулу 3. Мұғалімдердің жауапкершілігі мен жұмыс тиімділігіне мониторинг жасау	Мамыр	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері

4.3. 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мерзімі	Іс-шаралар:	Жауаптылар:
Қыркүйек	Педагогикалық кеңесінің отырысында дарынды балалармен жұмыс нәтижелерін талқылау: - мектепшілік, аудандық, облыстық байқауларға қатысудың қорытындысы; - мектепшілік, аудандық, облыстық конференцияларға қатысу;	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары

	- мектепшілік, аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға қатысу	
	2-11 сынып гимназистерінің дарындылық деңгейін психологиялық диагностикалау	Педагог-психолог
	Дарынды балалармен жұмыс жоспарын әзірлеу, дарынды балалар базасын құру	Педагог-психолог
	Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқу сайыстары.	Әдістемелік бірлестік жетекшісі, пән мұғалімдері
	"Дарын" білім алушылардың зерттеу жұмыстары конкурсына (8-10 сынып), "Зерде" балалар зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалары конкурсына (1-7 сынып) қатысуға өтінімдерді дайындау және түзету	Дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекші
Қазан	5-6 сыныптарға арналған математикалық олимпиада «Алтын сақа»	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	10-11 сыныптарға арналған «Алтын түлек» олимпиадасы	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекшісі, Әдістемелік бірлестік жетекшілері
Қараша	Пәндік олимпиадалардың мектепшілік туры өткізу (8-10 сыныптар)	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары, Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Білім алушылар орындаған жұмыстар көрмесі	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Экологиялық-биологиялық викторинаға қатысу, 8-сынып	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	7-8 сыныптар арасындағы Тарих бойынша "Теңіз шайқасы" сайысы	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Информатика пәні бойынша Олимпиада, (3-4 сыныптар)	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
желтоқсан	Жаратылыстану пәні бойынша Олимпиада (5-6 сыныптар)	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	"Жаратылыстану және математика" пәні бойынша Олимпиада, 3-4 сынып	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Дарынды балалармен психологиялық тренингтер өткізу	Педагог-психолог
	"Математика-Ғылым патшайымы" олимпиадасы, (7-8 сыныптар)	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Өртке қарсы тақырып бойынша байқау "Әр азаматты есінде сақта: құтқару нөмірі 101"	Бастапқы - әскери дайындық мұғалімі
Сәуір	Бастауыш сынып апталығы	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	"Математика – Ғылым патшайымы" олимпиадасы 3 кезең (7-8 сыныптар)	Әдістемелік бірлестік жетекшілері

	Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқу конкурстары.	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Информатика пәні бойынша Олимпиада 8-9 сыныптар	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
Мамыр	5-6 сыныптарға арналған математикалық ойын	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мәнерлеп оқу сайыстары.	Әдістемелік бірлестік жетекшілері
	Өртке қарсы тақырып бойынша байқау "Әр азаматты есінде сақта: құтқару нөмірі 101"	Бастапқы - әскери дайындық мұғалімі
	"Зияткерлік фейерверк"(пәндік олимпиадалардың, конкурстардың жеңімпаздарын құрметтеуге арналған мерекелік іс-шара)	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекшісі
	Оқу жылы ішінде дарынды балалармен жұмыс қорытындыларын таныстыру	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекшісі
	2024-2025 оқу жылындағы жұмысты талдау. 2025-2026 оқу жылына дарынды балалармен жұмыс бойынша ұсыныстар әзірлеу	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекшісі
Жыл бойы	Мектеп сайтында дарынды балалармен жұмыс туралы материалдарды орналастыру	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекшісі
	Қашықтықтан зияткерлік конкурстарға қатысу	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі жетекшісі

V. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

5.1. Тәрбие жұмысының жоспары

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу.

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары.

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;

- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас) Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі; Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі; Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі; Қазақстан халқы Ассамблеясы

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

* Ұсынылған жоспарды білім беру ұйымның ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктеріне орай толықтыра алады.

** Ұсынылған жоспарға сәйкес сынып сағаттарының, мектепшілік шаралардың мазмұны, өткізу түрі, орны, әдіс-тәсілдері ұйым ерекшеліктеріне, білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес білім беру ұйымдары дербес таңдай алады.

***Білім беру ұйымының типін және ерекшелігін ескере отырып, сынып сағаттарын сабақ кестесіне қою және оны жүйелі өткізу ұсынылады.

**** Апта сайынғы әр сынып сағатының соңында немесе басында **10 минут қауіпсіздік** сабақтарына арналады.

 - Білім беру ұйымының іс-шаралар жоспарына міндетті түрде қосылуы қажет.

№	Іс шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Күнделікті атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.; -«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі; -«Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу; -«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау; -«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектептерде үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (10 минуттық оқу, 20 минуттық оқу) акцияларын ұйымдастыру (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы	Үзіліс кезінде	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Күнделікті жыл бойы

	оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер тізімі бойынша: Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Тахауи Ахтанов, Шерхан Мұртаза, Бердібек Соқпақбаев, сондай-ақ Эрнест Хемингуэй, Джек Лондон, Рабиндранат Тагор, Александр Островский, Вальтер Скотт, Михаил Лермонтов т.б.).			
Апта сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	-«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды; - «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады; -«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.	Аптасына 1 рет	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Апта сайын жыл бойы
Ай сайын атқарылатын іс-шаралар				
1	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Алдын алу шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет

Жыл бойы атқарылатын іс-шаралар				
1	 «Болашаққа жолдама» жобасы	Бекітілген жоспар бойынша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
2	 Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында құрылған « Adal urpaq », « Sanaly urpaq » жобалары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру жөніндегі 2024 жылға арналған іс-шаралары	Бекітілген жоспар бойынша	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог	Жыл бойы
3	 « Birgemiz: Qamqor » акциясы (<i>қарттар үйлеріне, жалғыз басты қарияларға көмек көрсету</i>) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
4	 « Birgemiz: Taza Alem » акциясы (<i>қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу және т.б.</i>) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
5	 « Мейірімділік ошағы » акциясы (<i>күнкөрісі төмен, көпбалалы және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек пен қолдау көрсету</i>) «Қамқор» жобасы	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Жыл бойы
6	 Ақтөбе облысының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім мен тәрбиені дамыту жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары	Жоспарға сәйкес	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, жаратылыстану бірлестігі, экоклуб жетекшілері.	Жыл бойы жоспар негізінде

7	 «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу	Акция	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	Жыл бойы
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара /сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	1 апта
2	«Тілім менің ғасырларға аманат» <i>(А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)</i>	Қазақстан халқы тілдері күніне арналған жалпы мектептік іс-шара	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	1 апта
3	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру <i>«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы</i>	Ата-аналар жиналысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	1 апта
4	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	2 апта
5	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі <i>«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» жобасы</i>	Отбасы күніне арналған челлендж	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	2 апта
6	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығына сай сынып сағатының тақырыбын алу Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	3 апта
7	«Еңбек түбі- береке» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта

8	«Денсаулық – зор байлық» фестивалі	«Денсаулық фестивалі» Мектепшілік шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері	Ай жоспарына сәйкес
9	«Ерікті ісі – қайырымдылықтың бір қанаты!» <i>(барлық білім беру ұйымдарында құрылған волонтерлар клубының бейнероликтер байқауы)</i>	Облыстық байқауға қатысу	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Қыркүйек
10	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақ	Жалпы мектепшілік «Бірыңғай сабақ» шарасы	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қыркүйек
11	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы «Қамқор» жобасы	Таза сенбіліктер	Мектеп директоры, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қыркүйек
12	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп <i>(ІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)</i>	Айына 1 рет
ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
1	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет «Қамқор» жобасы Қауіпсіздік сабағы <i>(10 минут)</i>	Жалпы мектептік волонтерлық акциясы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	1 апта
2	«Даналық ұстаздан» челленджі «Шабьт» жобасы	Мұғалімдер күніне арналған челлендж	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта

3	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ИД және т. б.) бірлесіп	1 апта
4	Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу шаралары (лудоманияның алдын алу)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	1 апта
5	Ұстаздар күні қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымдары мүшелерінің қатысуымен «Дублер күнін» ұйымдастыру	Әлеуметтік желіге ақпарат	Мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер.	1 апта
6	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	2 апта
7	«Күзгі асар» жәрмеңкесі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Жәрмеңке	Сынып жетекшілері	2 апта
8	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
9	«Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылығына сәйкес сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
10	Мектеп парламентінің президентін сайлау	Мектеп сайлауы	Мектеп директоры, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер, мектеп психологтары, әлеуметтік педагог т.б.	3 апта
11	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Мектеп дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	4 апта
12	«Республикам – мақтанышым!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Республика күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара және сынып сағаты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	4 апта

13	«Демалыста кітап оқимыз» («Балалар кітапханасы» жобасы)	Кітапханашылар күніне арналған жалпы мектепшілік іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	4 апта
14	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ПД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
15	«Мен - еріктімін» әлеуметтік желідегі фотоконкурс (Облыстық жоспар негізінде)	Конкурс	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Ай жоспарына сәйкес
16	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» акциясы («Қамқор» жобасы)	Таза сенбіліктер	Мектеп директоры, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер	Қазан
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ 15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	1 апта
2	Мектеп театры («Шабьт» жобасы)	Театр қойылымы	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері /тілдік пәндер мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	1 апта
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні Қауіпсіздік сабағы	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
4	«Үшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны («Үшқыр ой алаңы» жобасы)	Зияткерлік ойын	Қосымша білім беру педагогтері	2 апта
5	«Startup» байқауы («SMART BALA» жобасы)	Байқау	Сынып жетекшілері мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта

6	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	«Өмірге салауатты қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
8	«Әділдік және жауапкершілік» тақырыбында сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
9	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепшілік алдын алу шаралары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ІІД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Айына 1 рет
10	Өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшыларына арналған «Үздік көшбасшы- 2024» облыстық байқау	Облыстық байқауға қатысу	Аға тәлімгер	Қараша
11	Мамандықтар әлемі («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Түсіндіру жұмыстары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қараша
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы (Сынып сағаты) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшілері	1 апта
2	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Челлендж	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	2 апта

3	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы («Балалар кітапханасы» жобасы)	Әдеби кеш / кітап жәрмеңкесі / кітап кейіпкерлері байқауы	Сынып жетекшілері	2 апта
4	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	2 апта
5	«Ұшқыр ой алаңы» деббаты («Ұшқыр ой алаңы» жобасы)	Мектеп деббаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	3 апта
6	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	3 апта
7	Ойынға салауатты көзқарас <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы (лудоманияның алдын алу шарасы)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	4 апта
8	«Бірлік және ынтымақ» құндылығына байланысты сынып сағаты <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i>	Сынып сағаты	Сынып жетекшілері	4 апта
9	 Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу	Мектепшілік алдын алу іс-шарасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп (ИД, ТЖД, Дін басқармасы, Денсаулық басқармасы, СӨС, және т. б.)	Ай жоспарына сәйкес
10	«Ерікті болу - ерлік» облыстық еріктілер слеті (<i>жыл қорытындысы, үздік еріктілерді, үздік еріктілер клубтарын марапаттау</i>)	Слет	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, волонтерлық клуб жетекшісі	Желтоқсан
11	«Үздік мектеп парламенті» облыстық байқау	Облыстық байқау	Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер.	Желтоқсан
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл				

1	Мамандықтар марафоны («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Байқау	Көркем еңбек, информатика, робототехника мұғалімдері	2 апта
